

Жангелдин ауданы көлемінде қызметі дүркін-дүркін сипатта болып Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандары үшін біржолғы талон төлемін белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихатының 2010 жылғы 22 қазандағы № 198 шешімі. Қостанай облысы Жангелдин ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 1 желтоқсанда № 9-9-125 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихатының 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № 68 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихатының 2012.12.21 № 68 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы Заңының 36-бабына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес Жангелдин аудандық мәслихаты

Ш Е Ш Т І :

1. Қосымшаға сәйкес Жангелдин ауданының көлемінде қызметі дүркін-дүркін сипатта болып Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандары үшін біржолғы талон төлемі белгіленсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жангелдин аудандық
мәслихаты кезектен тыс
сессиясының төрағасы,
аудандық мәслихаттың*

хатшысы

Т. Даркенов

КЕЛІСІЛДІ:

*"Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігі Салық комитетінің
Қостанай облысы бойынша
Салық департаментінің
Жангелдин ауданы бойынша
салық басқармасы" мемлекеттік*

Х. Зейнеке

М ә с л и х а т т ы ң

2010

ж ы л ғ ы

22

қ а з а н д а ғ ы

№ 198 шешіміне қосымша

**Жангелдин ауданының көлемінде қызметі
дүркін–дүркін сипатта болып Қазақстан
Республикасының азаматтары мен оралмандары
үшін біржолғы талон төлемі**

№ Реттік саны	Қызмет түрі	Бір жолғы талон төлемі, теңгемен
1	Сату (стационарлық үй-жайда жүзеге асырылатын қызметтерді қоспағанда):	
1)	газеттер мен журналдар;	71 теңге
2)	тұқым, сондай-ақ, отырғызылатын материал (екпелер, көшет);	71 теңге
3)	бақша дақылдарын;	212 теңге
4)	саяжайларда және үй маңындағы учаскелерде өсірілген табиғи гүлдерді;	71 теңге
5)	қосалқы ауыл шаруашылығы, бағбандық, бақшашылық және саяжай учаскелерінің өнімдерін;	141 теңге
6)	орман жидегін, бал, саңырауқұлақ, сыпырғылар және сыпыртқылар;	141 теңге
7)	жануарлар мен құстардың жемдерін;	353 теңге
8)	балық	212 теңге
2	Жер учаскелерін өңдеу жөніндегі жеке трактор иелерінің көрсететін қызметі	283 теңге
3	Үй жануарлары мен құстарын бағу	71 теңге